

"Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезіндегі жалға алу мөлшерлемесін есептеу қағидасын бекіту туралы" әкімдіктің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 257 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 149 қаулысы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 40-бабының 2-тармағының 2), 4) тармақшаларына, 3-тармағына, "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезіндегі жалға алу мөлшерлемесін есептеу қағидасын бекіту туралы" әкімдіктің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 257 (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу мемлекеттік тізілімінде 2014 жылғы 21 тамызда № 5033 тіркелген, "Федоровские новости" газетінде 2014 жылғы 9 қазанда жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Ахметов